

ӘОЖ 349.41(574)

А.З. Каскеева

з.ғ.к. доценті, Л. Н. Гумилева атындағы, ЕҰУ, Қазақстан, Астана қ.

E-mail: kaskeeva.a@mail.ru

Құқық жүйесінде жер құқығының нормалары мен атқаратын қызметі

Андатпа. Ғылыми жұмыстың мақсаты жер құқық саласы бойынша заңға сәйкес жазылды. Зерттеу ба-
рысында анықталған әдістердің кемшіліктеріне тоқталып, олардың шешілу жолдарын қарастырған.

Түйін сөздер: жер құқық, құқық нормалары, жер кадастр.

Құқық саласында жүйе ұғымын дұрыс қолдану, құқық мәселесін тануға жүйелі көзқарас өте қажет, өйткені бұл құқықтың ішкі бірлігін ашуға, оның бөлшектерінің үйлесімді өзара әсерін, органикалық байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі құқық жүйесі – іштей өзара байланысты элементтердің объективті тұтастығы: жалпы қабылданған қағидалар, құқық нормалары, мемлекеттік басқару органдарының шешімдері, құқық институттары және т.б.

Құқықтық жүйе сипаттамасында ең бастысы – ондағы элементтер саны емес, жүйенің ұйымдасқандық деңгейінің қалыптасуы. Көптеген элементтері бар бір объект жүйе болмауы мүмкін, ал басқа бір екі-үш элементтен ғана тұратын объект сапалы жүйе бола алады. Бұл элементтердің бір-бірімен байланысына тәуелді, бір элементтің өзгерісі басқасының да өзгеруіне әкелетін тығыз байланыс болады. Дәл осындай әртүрлі бөлімдердің тығыз әрекеттесуі сыртқы ортаға қатысты алғанда тұтас бір нәрсе ретінде көрінеді. Осыдан келіп жүйе үшін ең негізгісі – оның белгілі бір тәртіппен орналасуы, яғни сапалық жағы. Сондықтан да элементтер бүтінге сай келе ме, ол бүтіннің басқа бөлшектерімен тұтаса ала ма, осы мәселені анықтамай, жүйені құру мүмкін емес. Элементтердің өзара әсері мен өзара байланысын танудың әр алуан тәсілдері бар. Сондай тәсілдің бірі – зерттеуші объектінің құрамын

ашу, яғни оның ішкі құрылымын анықтау – элементтердің өзара байланысының сипаты мен тәсілін анықтау.

Жер құқығын құқық жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, оның негізін құқықтық норма құрайды. Қоғамдық қатынастардың реттелу аясы бойынша жер-құқықтық нормалар институттарға топтасады, институттар құқық саласының құрамына кіреді [1].

Құқықтық институттың табиғаты мен ерекшеліктерін «бұл – нормалардың жалпы жиынтығы, ол өз кезегінде келесі негізгі бөлім – құқық саласының элементі» деп түсінгенде ғана дұрыс болады. Осы тұрғыдан келгенде, құқықтық институт құқық саласының негізі, «бастапқы, өзіндік құрылымдық құқық саласы, саланың қалыптасуындағы бастапқы және неғұрлым маңызды баспалдағы, мұнда құқықтық нормалар заңдық мазмұнына қарай топтасады...». Құқықтық нормалар институттар арқылы құқық саласын құрайды.

Демек, құқықтық институт – салыстырмалы жеке өзіндік біртекті қоғамдық қатынастарды реттеуші өзара байланысты құқықтық нормалардың жүйесі. Әрбір құқықтық институттың реттеуші қоғамдық қатынастардың ерекшелігіне байланысты өзіне тән ерекшеліктері, сипаттаушы белгілері бар. С.С. Алексеевтің көзқарасы бойынша: «Құқықтық институттар қоғамдық қатынастардың белгілі бір бөлшегін регламенттеуге бағытталған». А.Ф. Черданцев, еңбегіне

сілтеме жасап, ол «Қоғамдық қатынастардың бір элементі тұтас бір құқық нормаларының жиынтығымен реттелген, ол тіпті жеке құқық институты құруы мүмкін», – деп үзінді келтіреді. С.Б. Байсалов, кеңестік құқық жүйесіндегі су құқығының орнын анықтай келіп, Д.А. Керимов пікірін талдайды. Д.А. Керимов құқықтық институт дегенді «Құқықтық нормалар жиынтығы, ол қажетті қатынасты егжей-тегжейлі реттейді», – деген болатын. Сөйтіп, оның «құқықтық институт – өзіндік ерекшелігі бар құқық саласы болумен қатар, құқықтың жалпы белгілері де бар саласы» деген тұжырымымен келіседі [3].

Құқықтық институттың басты қызметі – әлдебір түріне, тегі бойынша қоғамдық қатынастардың өз бөлігі аясында салыстырмалы тұтас реттілікті қамтамасыз ету. Бұл – құқықтық институттың нормалардың толық жиынтығына ие болуы керек деген сөз, бұл – соның көмегімен сол учаскедегі реттіліктің бар кезеңін қамту дегенді білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген барлық сипаттаушы элементтер жер кадастрының құқықтық институтына тән. «Тең дәрежелі» нормативтік ережелер Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесі» ретінде көрініс табады. Бұл ереже әртүрлі нормалардан тұрады: міндеттеуші, құқық беруші, қорғаушы.

Мемлекеттік жер кадастрының құқықтық саладағы орнын анықтау жер құқығы құрамының жеке мәселесі болып табылады. Жер құқығы жүйесінде кадастр мәліметтерін пайдалануға байланысты қатынастарды реттейтін нормалар жерге орналастыру, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау, жер пайдалану құқығы, жерге меншік құқығы және жер пайдалану құқығын мемлекеттік қорғау және т.б. сияқты құрамдас бөлімдерінде көрініс табады.

Мемлекеттік жер кадастры құқықтық институт ретінде жер туралы кадастрлық мәліметтер жүйесін құрастыруға байланысты кадастрды жүргізу қатынастарын реттеуші материалдық және процессуалдық жер кадастрлық нормалардың жүйесін білдіреді. Жер кадастрлық функцияны жүзеге асыруға бағытталған жер құқықтық нормалардың жиынтығын білдіретін, құқықтық институт ретіндегі мемлекеттік жер кадастры жер құқығының жер қорын мемлекеттік басқару қатынастарын реттеуге бағытталған

нормаларынан тұратын құрамдас бөлімдерімен тығыз байланысты. Олардың мақсаты – бір елде жер қатынастарын ұйымдастыру жолы арқылы жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

Құқықтық реттеу пәніне, яғни кадастрлық мәліметтердің түріне байланысты құқықтық институт ретінде мемлекеттік жер кадастрын кішігірім құрылымдардан (суб-институттардан) тұруы мүмкін деп қарастыруға болады: жерге меншік құқығының және жер пайдалануды мемлекеттік тіркеу, жерді мемлекеттік есепке алу және оларды кадастрлық бағалау. Олардың әрқайсысы сәйкесінше мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік есепке алу және кадастрлық бағалауды жүзеге асыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын материалдық және процессуалдық жер құқықтық нормаларды біріктіреді және оларды жүзеге асыруға байланысты әрекеттерді жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік жер кадастры, құқықтық институт ретінде, реттейтін қатынастарына белгілі құқықтық әсер ету нысаны тән. Ол қатынастардың ерекшелігіне және реттеу мақсатына байланысты болады. Мемлекет жер туралы шынайы деректер алу үшін кадастрды жүргізу тәртібінің қатаң сақталуы мақсатында осы қатынастарға түсетін тұлғалардың іс-әрекеттерін императивті нысанда белгілейді [2]. Мемлекеттік жер кадастрының негізгі ережелерінің бірі кадастрды жүргізудің бірыңғай жүйесі болып табылады. Заң шығарушының жер кадастрын жүргізудің бірыңғай жүйесін енгізуі жерді пайдалану және қорғаумен байланысты жалпы мемлекеттік ірі шараларды жүргізу, жалпы мемлекеттік басқару мәселелерін шешуге қажетті бірнеше аудан және облыстардың жері туралы мәліметтерді алуды қамтамасыз етеді.

Жер заңнамасына сәйкес мемлекеттік жер кадастры мемлекет есебінен жүргізіледі. Кадастрды жүргізу жұмыстарын мемлекет тарапынан қаржыландыру кадастрды жүргізудің экономдылығы қағидасымен тығыз байланысты. Жер туралы мәліметтерді жинауды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер көп қаржы талап етпеуі керек. Кадастрдың деректерінің шынайылығы кадастр мәліметтерін үнемі жаңалап нақтылау жұмыстарын тоқтатпай жүргізу арқылы, кадастрды жүргізудің үздіксіздігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Демек, жоғарыда көрсетілген мәселелерді

қорытындылай келе мынадай тұжырымға келеміз, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу нормалары жер құқығының жер қорын мемлекеттік басқару кешенді құқықтық институтының бір бөлігі ретінде көрініс табады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Парламенті. Жер туралы заңы. 20 маусым 2003 // Егемен Қазақстан. – 2003. – 26 маусым.

2 Қазақстан Республикасының Үкіметі. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін қуаттау туралы Қаулысы. – №958.

3 Серикбаева Ш.Б. Проблемы правового регулирования государственной регистрации прав на землю в Республике Казахстан. – Алматы, 2003. – 141 с.

References

1 Kazakhstan Respulikasy Parlamenti. Zher turaly zanu .20 2003zh Muris // Egemen Kazakstan. 2003. -XXVI-mus.

2 Kazakhstan Respublikasynuң Ykimeti. Memlekettik Jer kadastryн zhyrgizu erezhesin quattau turaly: Qaulysy numero CMLVIII

3 Serikbaeva SB Quaestiones de legalis disciplina publica iura adnotatione terram in republica Kazakhstan. – Almaty, MMIII. – CXLI.

A.З. Каскеева

Основные положения земельно-правовых норм в системе права

В статье рассмотрены основные положения земельно-правовых норм законодательства Республики Казахстан, порядок ведения земельного кадастра.

Ключевые слова: земельное право, нормы права, земельный кадастр.

A.Z. Kaskeeva

Of land law in the legal system

The article describes the main provisions of land law legislation of the Republic of Kazakhstan, the procedure of land cadastre.

Keywords: land rights, the rule of law, land registry.